

*Коми баянхане*

ISSN 2221-8521

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ  
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТИ

АРХЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ ҰЛТТЫҚ  
ОРТАЛЫҚЫНЫҢ  
**ХАБАРЛАРЫ**  
**ИЗВЕСТИЯ**  
НАЦИОНАЛЬНОГО ЦЕНТРА АРХЕОГРАФИИ И  
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЯ

BULLETIN  
OF THE NATIONAL CENTER OF ARCHAEOGRAPHY  
AND SOURCE STUDIES

2/2013

Ки. Ай, есеп атаудың көмүлдөгін түрк сөз. Оның «кесу», «туу», «оду» деген семантикалық орісін білдіргендегі «түрктердегі көмүлдөгін» сөзінде малдан тарабасы, малдан белсін, сөйтін – белсінде уәсіл мәннен атап атрумындағы сөздең үшіндең деңгелік көмүлдөгін.

Ки. Ай, есеп атаудың көмүлдөгін түрк сөз. Оның «кесу», «туу», «оду» деген семантикалық орісін білдіргендегі «түрктердегі көмүлдөгін» сөзінде малдан тарабасы, малдан белсін, сөйтін – белсінде уәсіл мәннен атап атрумындағы сөздең үшіндең деңгелік көмүлдөгін.

АСТАНА

## ДЕРЕКТАНУ

**Напил Базылхан**

Филология ғылымдарының кандидаты

### ҚАЗАҚ ТАҢBALАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРИХИ-ДЕРЕКТАНУЛЫҚ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Қазақ этносимволдардың негізгісі - **Таңба**. Бұл атаудың этимологиясы - көне түрік сөзінен. Прототүрік тілінде аталмыш сөздің түптөркіні \*tap- // \* tab- тұлғалы болды және оның семантикасы «1.белгілі бір заттың ізі, қалдығы, табы, 2. із қалдыру» деген мәнде айтылды. Бұл түбір морфемалардан тараған сөздердің мағыналары қазақ тіліндегі «табы, табын, таптау, табандау, тамшы, тамшылау, тамұқ, тамызу» деген сыйның сөздерімен төркіндес болып келеді. Аталмыш tab- түбірден **tam** - тұлғасы пайда болған. Сөйтіп, tam- түбірі «1.от жағу, от тамызу, күйдіру, қақтау, 2.белгі басу, таңбалau» деген мағынада өрбіген. Көне түрік бітік жазулы ескерткіштерінде **tamya** – тамға тұлғасында кездеседі. Мысалы, altun tamyan tarqan – алтын тамған тархан деген лауазымдық атағы көк түрік қағанының алтын мөрін сақтаушы тарханы, билік иелерінің іс-қағазын жүргізуі тарханы дегенді білдіреді. Олай болса, осы тамға сөзі көне түріктерде «мөр» деген мағынаны және де «ру, тайпалардың белгісі» деген ұғымды қатар білдіріп келді.

Ортағасырлық жазба деректерде **tamya** -тамға, **tamyaсі** -тамғашы тұлғасында кеңінен қолданылды. Осы «тамға» атауы қазақтардың реңі іс қағаз құжаттарында (дени архив қорларында сақтаулы) «тамғам, тамғам салдым, тамғасын салды» деген қалпында XX ғасырға дейін қолданылған. Демек, сонау көне түріктердің байырғы атауы қазақ тілінде сол қалпында сақталынып келгенін аңғаруға болады. Ал, таңба сөзі тамға сөзінің қазақ тіліндегі фонологиялық варианты, **taңba** «таңба, таңбалau» деген бағытта дамып өрбіген. Көне монгол тілінде **taba**>тав (із, табы), **tamaya**> тамага> тамга (таңба) тұлғасында сақталынған. Таңба атауы түрік тілдерінде «дамға, тамға, таңба, тағма» және басқа тұлғасында кездеседі. Сөйтіп, **tamya** деген сөзі ұзақ уақыт ру-тайпалардың таңба белгісі дегенді білдірді [1.5-15 б.].

**Белгі.** Көне түрік тілінде **belgi**> белгі деген сөз «белгі, нышан, заттық айғақ » деген мағынада қолданылған. Ортағасырларда таңба атауының орнына да атальп қолданылған.

**Ен.** Ал, «ен» атауы да көне түрік сөзі. Оның «кесу, тілу, бөлу» деген семантикалық өрісті білдіретін **en** ->түбірінен қазақ тілінде ен - малдың таңбасы, малдың белгісі, енші – бөлінген үлес мал, таңбалы үлес мал, ендеу - таңба салу деген сөздер өрбіген. Қазақтарда енді көбінесе ұсақ малғағана

қолданылған. Көне монгол тілінде **im**> им (ен, белгі), **inji**> инж (енші, ен қойылған мал үлесі), **imnekü**> имнәх (ендеу, ен салу) [2.64-65 б.].

**Қазақ таңбалардың құрылымы** негізінен тік, жатық, қиғаш, келте, дөңгелек, жарты доға, іірек сзықшалардан құралған (Кесте 1). Аталмыш сзықшалардың түрлі-түрлі композициясы бойынша енші алып бөлінген ру-тайпа тармактарының жүздеген таңбалары жасалынды.

Кесте 1- Қазақ таңбаларын құрайтын негізгі сзықшалар				
№	Сзықша атауы	Қазіргі қазақша атауы	Көне түрікшесі (жанғыртпасы)	Өзге түрік тілдерінде
1	тік	көсөу, таяқша, әліп	Süngü-	
2	— жатық	көсөу, таяқша, әліп	?	
3	↖ қиғаш	көсөу, таяқша, әліп	?	
4	↙ келте	нүкте, шекті	?	
5	J иірек	ілмек	Egre-	
6	U жарты доға	айшық	Ay-	
7	O дөңгелек	шеміш. тостаған, дөңгелек	Toγ-//doγ- (туу, донғалақ, күн,ай)	

Аталмыш негізгі сзықшалар қазақ ру-тайпа таңбаларының жасалуында басты компонеттер, ілкі құрамдас бөліктері болды. Қазақ таңбаларын екі топқа яғни негізгі және туынды таңбалар деп бөліп қарастырамыз.

Бірінші топ - **негізгі (ілкі) таңбалар**. Негізгі таңба дегеніміз атабабалық шежіре дәстүрі бойынша белгілі бір ру-тайпаның ататегінің сонау бастапқы, көнеден келе жатқан негізгі таңбасы. Ол таңбалар ежелден, ески

заманнан қалыптасқан, тіпті тотемдік сияқты нағым-сенімдерге қатысты пайда болған этносимволдық белгілер деуге болады.

**Екінші топ - туынды таңбалар.** Аталмыш негізгі таңбадан өрбіген, қосымша сзықшалар белгіленіп жасалғандары. Демек хронологиялық түрфыдан туынды таңбалар негізгі таңбалардан кейінгі мерзімдерге қатысты


деген сөз. Мысалы, ұлы жүз дулаттың  таңбасы негізгі таңба болады, ал

дулаттан тараған рулардың, атап айтқанда, сиқымның  , ботбайдың



таңбалары оның туынды түрлері болып есептеледі. Осы

секілді ұлы жүз албаның



, суанның  , кіші жүз

кердерінің  , шеміш-табынның

таңбалары да туынды таңбалар

болып табылады.

Орта жүз әрғынның



таңбасы негізгі таңба, ал жоғары шекті

 , төменгі шекті  арғын таңбалары ,



-садыр

найманнның таңбалары туынды таңбалар болмақ [3.84-90 б.] .

Ал, қазақ ру - тайпаларының таңбалары жайындағы құнды деректерді жинастырып, сипаттама берген қазақ ғалымдары М. Тынышбаев, С. Аманжолов, Ә.Х. Марғұлан, С.Кенесбаев, Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востров, А. Сейдімбек, А.Е.Рогожинский және басқа да зерттеушілер болды. Бұл зерттеушілердің еңбектерінде қазақ таңбалардың құрылымы мен семантикасы жайында бірсыныра талдаулар бар.

Дегенмен, қазақтардың таңбаны қашаннан бері қолданғандығы және таңбалардың семантикасы, ру - тайпалары таңбаларының ұқсас немесе өзгеше келуінің мән-жайы, түпкі себептері жайында әр түрлі көзқарастар мен пікірлер бар.

Қазақ ру-тайпа таңбаларының бастапқы түр-пішіні - нағым-сенімдердің этносимволдары мен белгілі бір зат-бұйымдарға негізделіп жасалғаны хақ. Сондықтан да таңбалардың ілкі нұсқаларының атаулары мен оның мағынасы болды. Мәселен, белгілі бір таңбаның кейіннен пайда болған туынды атаулары да қалыптасқаны байқалады. Мысалы, түркі халықтарында атқыш құралдың бейнесі салынған таңбаның алғашқы «адырна» атауынан басқа да «жай, садақ» атаулары қолданылады. Түркі халықтарында әрбір таңбаның семантикалық атаулары болды. Мысалы, алтайлықтарда «қошқар мүйіз, жүрек, құйрық, қаз аяқ, садақ, тарақ, сарақай (крест), сырға, сулық, күн

Шаңышқылы		Шаңышқы
Сіргелі		Сірге
Ошақты		Ошақ
Бағаналы (найман)		Бағана
Терістанбалы (табын)		Терістанба
Ру-тайпа атауы	Таңбасы	Таңба атауы
Оңтаңбалы (табын)		Оңтаңба
Терістанбалы (найман)		Терістанба
Жоғары шекті (арғын)		Жоғары шекті
Төменгі шекті (арғын)		Төменгі шекті
Дулат		*doy+lat > доғалак, домалақ, дөңгелек
Ергенекті (Уақ)		Ергенек
Ергенекті (Найман)		Ергенек
Ашамайлы (Керей)		Ашамай
Абақ (Керей)		Абақ
Шекті (Әлімұлы)		Қос ішекті
Екі жарты доға бір сызықшадан тұратын таңбалар		 сарыжомарт (найман)
		 шекті